

Шарбақты ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 49/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 5885 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы "Шарбақты ауданының тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 41/2 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4340 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Шарбақты аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы "Шарбақты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы "Шарбақты ауданының тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 41/2 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" № 14/1 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4948 болып тіркелген, 2016 жылғы 05 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ыбыраев